# "Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 132 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда № 15155 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10022 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 13 наурызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Энергетика министрі* *Қ. Бозымбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
_______________ Д. Абаев
2017 жылғы 12 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
_______________ Е. Біртанов
2017 жылғы 20 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
___________ Т. Сүлейменов
2017 жылғы 2 мамыр

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 10 сәуірдегі
№ 132 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 13 қарашадағы
№ 122 бұйрығымен
бекітілген

## Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

## 1. Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметке

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | лауазымды адамдар мен радиациялық және ядролық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамдардың иерархиясы белгіленген өтініш берушінің ұйымдық құрылымы | өтініш беруші бекіткен графикалық схеманың немесе ұйымдық құрылымның мәтіндік сипаттамасының көшірмесі | еркін нысанда |
| 2 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздердегі өндірістік-техникалық база | "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 3 | мәлімделетін жұмысты жүзеге асыруға жіберілген, мамандардың біліктілік құрамы | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандардың біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
| 4 | құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған лицензиялар | мынадай рұқсат етілген жұмыстармен осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны:<br>1. Жер қабатындағы арнаулы жұмыстар, оның ішінде іргетас негіздерді орналастыру;<br>2. Объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде:<br>1) металл конструкцияларды монтаждауды;<br>2) монолитті конструкцияларды орналастыру, сондай-ақ құрамабетон және темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырғалар мен аралық қабырғалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды;<br>3) шатыр жабу жұмыстарын қамтитын ғимараттар мен құрылыстардың (оның ішінде көпірлердің, көлік эстакадаларының, тоннельдер мен жол өткізгілерінің, өзге де жасанды құрылыстардың) тірек және (немесе) қоршау конструкцияларын салу.<br>3. байланыспен, апатқа қарсы қорғанумен, бақылау және дабыл беру жүйесімен, көліктегі, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілеріндегі, өзге де тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі бұғаттаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу және бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары. | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| | | | бұл тармақ ядролық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | ядролық қондырғыны және/немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасының физикалық қорғау жүйесі | ядролық қондырғыны және/немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасының физикалық қорғау жоспарының көшірмесі | қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 6 | сынау хаттамалары, жүйелерді және жабдықтарды пайдалануға қабылдау актілері, аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актілері | өтініш беруші бекіткен қабылдау актілерінің және сынау хаттамаларының, жүйенің, жабдықтардың және персоналдың физикалық іске қосуға дайындығы жөніндегі актінің көшірмелері | бұл тармақ ядролық қондырғыларды пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 7 | объектінің қауіпсіздігін талдау бойынша алдын ала есеп | өтініш беруші бекіткен объектінің қауіпсіздігін талдау жөніндегі алдын ала есептің көшірмесі | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 8 | объектіні пайдаланудан шығарудың алдын ала жоспары | өтініш беруші бекіткен объектіні пайдаланудан шығару алдын ала жоспарының көшірмесі | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 9 | жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды | мынадай құжаттардың: еңбекке қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздік жүйелеріндегі ақаулықтардың алдын алуға бағытталған жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды қамтамасыз ететін қызметті құру туралы бұйрықтың және қызмет туралы ереженің; техникалық қызмет көрсетуді жүргізу нұсқаулығының; | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану және пайдаланудан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ететін қызметтер | техникалық қызмет көрсету жүргізу бағдарламасының және кестесінің көшірмелері | шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 10 | радиациялық қауіпсіздік қызметі | мынадай құжаттардың: өтініш берушінің радиациялық қауіпсіздік қызметін құру туралы бұйрығының, радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереженің, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет басшысын тағайындау туралы бұйрықтың, радиациялық бақылау аспаптары мен өлшеу құралдарын тексеру сертификаттарының көшірмелері; радиациялық қауіпсіздік бойынша оқу сертификаттарының көшірмелері | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 11 | иондаушы сәуле шығару көздері мен радиоактивті қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған меншік құқығындағы қойма | "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 12 | мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасы | өтініш беруші бекіткен сапаны қамтамасыз ету бағдарламасының көшірмесі | |
| 13 | ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі, персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-әрекеті жөніндегі нұсқаулықтар | өтініш беруші бекіткен мынадай құжаттардың: радиациялық қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтың; физикалық іске қосуды жүргізу кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтың; жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, қайта тиеу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтың, персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-әрекеті бойынша нұсқаулықтың көшірмелері | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 14 | радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары | өтініш беруші бекіткен және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының көшірмесі | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 15 | авария жағдайында персоналдың іс-қимылын пысықтауға арналған аварияға қарсы іс-шаралар жүйесі | өтініш беруші бекіткен авария жағдайында персоналдың іс-қимылын пысықтауға арналған әдістеменің, аварияға қарсы жаттығуларды өткізу бағдарламасы мен кестесінің көшірмелері | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 16 | ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жүйесі | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 17 | объектінің жобасында көзделген барлық жұмыс режимдері үшін, сондай-ақ жобалық және жобадан тыс авариялар кезінде қажет көлемде | мынадай құжаттардың: өтініш беруші бекіткен радиациялық жағдайды бағалаумен өндірістік бақылау бағдарламасының; радиациялық бақылауды жүргізу тәртібін бекітетін құжаттың; | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | объектіде, санитариялық-қорғау аймағында және байқау аймағында радиациялық жағдайды бақылау жүйесі | радиациялық бақылауды өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттардың көшірмелері | пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 18 | өтініш берушінің персоналдың сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе меншікті жеке дозиметрлік бақылау қызметі болған жағдайда: жеке дозиметрлік бақылау қызметін құру туралы бұйрықтың, жеке дозиметрлік бақылау қызметі туралы ереженің, өлшеу жүргізу, аттестатталған және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелген әдістемелердің, зертхананы түгендеу актілерінен үзінділердің, тексеру және жеке сәулелену дозаларын өлшеу үшін жабдықтарды тексеру туралы сертификаттардың, жеке дозиметрлік өлшеу карточкаларының, жеке дозаларды есепке алу журналының көшірмелері | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 19 | қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | шарт жасасу мемлекеттік мекемелер үшін талап етілмейді |
| 20 | қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |
| 21 | міндетті экологиялық сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты |

## 2. Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | лауазымды адамдар мен радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамдардың иерархиясы белгіленген өтініш берушінің ұйымдық құрылымы | өтініш беруші бекіткен графикалық схеманың немесе ұйымдық құрылымның мәтіндік сипаттамасының көшірмесі | еркін нысанда және бұл тармақ белсінділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдың және плутонийдың изотоптарымен радионуклидті көздерін пайдалану қызметіне қатысты емес |
| 2 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі өндірістік-техникалық база | "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | бұл тармақ белсінділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдың және плутонийдың изотоптарымен радионуклидті көздерін пайдалану қызметіне қатысты емес |
| 3 | радиациялық қауіпсіздік қызметтері (немесе жауапты тұлға) | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;<br>келеісі құжаттардың көшірмелері:<br>радиациялық қауіпсіздік қызмет туралы ереженің (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның қызметтік нұсқаулығының); | радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның қызметтік нұсқаулығының көшірмесін ұсыну белсінділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдың және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының | плутонийдың изотоптарымен радионуклидті көздерін пайдалану қызметіне ғана қажет |
| 4 | ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жүйесі | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 3-қосымшасына сәйкес ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жөніндегі нұсқаулықтың көшірмесі | |
| 5 | ядролық материалдарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жүйесі | ядролық материалдарды физикалық қорғау жоспарының көшірмесі | осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |
| 6 | экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесінің бағдарламасы | өтініш беруші бекіткен экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесі бағдарламасының көшірмесі | бұл тармақ ядролық материалдарды іске асыру жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты |
| 7 | өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар | мына құжаттардың: физикалық іске қосуды жүргізу кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың; жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, артық тиеу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың; мәлімделетін жұмыстарды жүргізу кезіндегі ядролық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтың; персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулықтың;<br>өтініш беруші бекіткен радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының;<br>мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;<br>жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайын анықтайтын технологиялық регламенттің көшірмелері | |
| | | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | өтініш беруші персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйесі | саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе өзінің жеке дозиметрлік бақылау қызметі болған жағдайда: жеке дозиметрлік бақылау қызметін құру туралы бұйрықтың; аттестатталған және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелген өлшем жүргізу әдістемесінің; зертханаларды түгендеу актілерінен үзінділердің; сәулеленудің жеке дозаларын өлшеу үшін жабдықтарды тексеру туралы сертификаттардың; дозиметрлік өлшеулердің жеке карточкаларының көшірмелері; жеке дозаларды есепке алу журналының көшірмелері | осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |
| 9 | тиісті білімі, дайындығы бар әрі мәлімделетін жұмысты жүзеге асыруға жіберілген мамандардың біліктілік құрамы | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандардың біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |
| 10 | меншік құқығындағы радиоактивті қалдықтарға арналған қойма | "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |
| 11 | қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының көшірмесі | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | мемлекеттік мекемелер үшін шарт жасасу қажет емес және осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |
| 12 | қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |
| 13 | міндетті экологиялық сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | осы тармақ белсенділігі маңыздылығы ең аз белсенділіктен төмен уранның, торийдің, плутонийдің изотоптары бар радионуклидті көздермен жұмыс істеу бойынша қызметке қатысты емес |

# 3. Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі | "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, | бұл тармақты егер өтініш беруші тапсырыс берушінің аумағында жұмыс жүргізсе және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мамандандырылған үй-жайлар | санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | аспаптар мен қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді; |
| 2 | мәлімделген жұмыстар бойынша тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің біліктілік құрамы | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандар мен техниктердің біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді |
| 3 | радиациялық қауіпсіздік және радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды есепке алу және сақтау жүйесі жөніндегі қызметтер немесе (жауапты тұлғалар) | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;<br>мынадай құжаттардың: радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет туралы ереженің (немесе жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығының); радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды есепке алуға және бақылауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері | |
| 4 | жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе өзінің радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда: радиациялық бақылау жүргізу жоспарының және соңғы радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының көшірмесі; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының көшірмелері | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді |
| | | мынадай құжаттардың: мәлімделетін жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың; персоналдың авария жағдайындағы іс-қимылы жөніндегі нұсқаулықтардың; радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды түгендеу актісінен үзіндінің немесе өтініш берушінің балансында радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті | радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар | заттар бар аспаптар мен қондырғыларды сатып алғаннан кейін радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды түгендеу актісінен үзінділердің көшірмелерін беру туралы кепілді хат; жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайын анықтайтын мәлімделетін жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің; радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының; иондаушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау нұсқаулығының көшірмелері | іс-шаралар жоспарың тек ғана I және II категориялы радиациялық қауіптілік нысандарына ғана ұсыну қажет |
| 6 | өтініш беруші персоналының сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе меншікті жеке дозиметрлік бақылау қызметі болған жағдайда: жеке дозиметрлік бақылау қызметін құру туралы бұйрықтың, жеке дозиметрлік бақылау қызметі туралы ереженің, өлшеу жүргізу, аттестатталған және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелген әдістемелердің, зертхананы түгендеу актілерінен үзінділердің, тексеру және сәулелену дозаларын өлшеу үшін жабдықтарды тексеру туралы сертификаттардың, жеке дозиметрлік өлшеу карточкаларының жеке дозаларды есепке алу журналының көшірмелері | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді |
| 7 | фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесінің бағдарламасы | өтініш беруші бекіткен фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесі бағдарламасының көшірмесі | бұл тармақ мәлімделген қызмет құрамында уранды қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан тыс өткізу бойынша жұмыстар болған кезде табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу қызметінің кіші түріне ғана қатысты |
| 8 | иондаушы сәуле шығару көздері жұмысының сапасын бақылауға және радиациялық шоғырларды калибрлеуді жүргізуге жауапты | мынадай құжаттардың: медициналық физиктердің шоғырды калибрлеуді жүргізу және сапаны бақылау бойынша дипломының және арнайы даярлығы туралы құжаттардың; радиотерапиялық қондырғының сапасын бақылау бағдарламасының және шоғырларды калибрлеу және сапасын бақылау жүргізудің соңғы хаттамасының; | бұл тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | медициналық физиктер | шоғырларды калибрлеу және сапаны бақылау үшін пайдаланылатын құралдарды тексеру сертификаттарының көшірмелері | бойынша жұмыстарға ғана қатысты |
| 9 | радиоактивті заттарды, аспаптарды және қондырғыларды сақтауға арналған меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі қойма | "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтау кіші қызметі үшін жеке меншіктегі қойманың болуы талап етіледі егер құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар аралық немесе уақытша жеке сақтауды қажет етпейтін болса және әрдайым пайдалану және қайта зарядтау барысында жұмыс орнында болса, онда бұл тармақты орындау талап етілмейді |
| 10 | құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттама | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізетін меншікті техник болған жағдайда; осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес техниктердің біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақ құрамында радиоактивті заттар бар медициналық құралдар мен қондырғыларды және радиоизотоптық тексеру жабдықтарын пайдаланатын жұмыстарға ғана қатысты |
| | | "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 261 бұйрығымен" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11205 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша халықтың | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу құқығына ақпараттық карталар | санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосының аумақтық бөлімшелерінен алғаны туралы белгісі бар иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу құқығына ақпараттық карталардың көшірмесін немесе өтініш берушінің балансында радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды сатып алғаннан кейін " Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 261 бұйрығымен" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11205 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу құқығына ақпараттық карталарының көшірмелерін беру туралы кепілді хат | бұл тармақты радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу қызметінің кіші түрі үшін орындау талап етілмейді |
| 12 | радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдау үшін лицензия | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 2-қосымшасына сәйкес лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны немесе осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсету туралы қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақты мәлімделген қызмет құрамында радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдау операциясы болған кезде орындау талап етіледі |
| 13 | қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | шарт жасасу мемлекеттік мекемелер үшін талап етілмейді |
| 14 | қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 5-қосымшасына сәйкес сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | құрамында радиоактивті заттар бар өнеркәсіптік аспаптар мен қондырғыларға бұл тармақты орындау қажет |

## 4. Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Біліктілік талаптарының сәйкестілігін растайтын құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | мәлімделетін жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік құқығындағы немесе басқа заңды негіздегі мамандандырылған үй-жайлар | "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11626 болып тіркелген) нысан бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелері берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесін ұсыну, лицензиарда санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді | егер өтініш беруші жұмыстарды тапсырыс берушінің аумағында жүргізсе, онда бұл тармақты орындау талап етілмейді |
| 2 | иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды есепке алу және сақтау жүйесінің радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет ( немесе жауапты тұлға) | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 6-қосымшасына сәйкес қызмет немесе жауапты тұлға туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; мынадай құжаттардың: радиациялық қауіпсіздік бойынша қызмет туралы ереженің (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы); радиациялық қауіпсіздік жөніндегі иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды есепке алуға және бақылауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмелері | |
| 3 | жұмыс орындарында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 7-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе мынадай құжаттардың: меншікті радиациялық бақылау қызметі болған жағдайда: радиациялық бақылауды жүргізу жоспарының; соңғы радиациялық бақылау жүргізу хаттамасының; радиациялық бақылау аспаптарын тексеру сертификаттарының көшірмелері | |
| 4 | өтініш беруші бекіткен өкімдік құжаттар | мынадай құжаттардың: мәлімделетін жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтың; иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және қондырғыларды түгендеу актісінен үзіндінің немесе өтініш берушінің балансында иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және қондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және қондырғылар сатып алғаннан кейін иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптарды және қондырғыларды түгендеу актісінен үзінділердің көшірмелерін беру туралы кепілді хат; жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың ретті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайларын айқындайтын | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мәлімделетін жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің; иондаушы сәулелену көздерін есепке алу және бақылау нұсқаулығының көшірмелері | |
| 5 | өтініш берушінің персоналдың сәулелену дозасын бақылау және есепке алу жүйелері | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 4-қосымшасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен бірге персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша шарт туралы лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны; немесе меншікті жеке дозиметрлік бақылау қызметі болған жағдайда: жеке дозиметрлік бақылау қызметін құру туралы бұйрықтың, жеке дозиметрлік бақылау қызметі туралы ереженің, өлшеу жүргізу, аттестатталған және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелген әдістемелердің, зертхананы түгендеу актілерінен үзінділердің, тексеру және сәулелену дозаларын өлшеу үшін жабдықтарды тексеру туралы сертификаттардың, жеке дозиметрлік өлшеу карточкаларының жеке дозаларды есепке алу журналының көшірмелері | |
| 6 | иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғылардың пайдалану параметрлеріне ( сапасын бақылау) бақылау жүргізу | аппараттың пайдалану параметрлерін (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасының немесе өтініш берушінің балансында иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптар мен қондырғылар болмаған жағдайда өтініш беруші иондаушы сәулеленуді өндіретін аспаптар мен қондырғылар сатып алғаннан кейін аппараттың пайдалану параметрлерін (сапасын бақылау) бақылау жүргізу хаттамасының көшірмелерін беру туралы кепілді хат | бұл тармақ иондаушы сәулеленуді генерациялайтын медициналық аспаптарды және қондырғыларды пайдалану және дайындау бойынша жұмыстарға ғана қатысты |
| 7 | персоналдың және пациенттердің жеке қорғану құралдары | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 8-қосымшасына сәйкес жеке қорғану құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | бұл тармақ иондаушы сәулеленуді генерациялайтын медициналық аспаптарды және қондырғыларды пайдаланатын жұмыстарға ғана қатысты |
| 8 | тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделетін жұмысты жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің біліктілік құрамы | осы біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес мамандар мен техниктердің біліктілік құрамының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны | |
